

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

**Экологиялық соқпақ
атты мектепке дейінгі (4 жастағы) балаларға арналған вариатив
бағдарламасы**



Түсініктеме хат

Өзектілігі. Бүгінгі күні еліміздің бәсекеге қабілетті елу ел қатарына еніп, әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені анық. Бұл мақсатқа, міндетке жету үшін табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалану қажет. Дегенмен, өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отыр.

Қазіргі кезеңде экологиялық проблемалардың ұлттық, аймақтық және ғаламдық тұрғыда өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да айнала қоршаған ортаны қорғау мақсатына бағытталған күрделі іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күні қоғамда көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, жеткіншектер мен жастардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Осыған сәйкес қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру - оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, сондай-ақ құнды бағыттардың бірі. Табиғатты қорғау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Қоршаған ортаның нашарлануына байланысты туындаған өзекті мәселелерді шешу педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда ғана мүмкін екендігін ұғынудың нәтижесінде өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға байланысты экологиялық тәрбие берудің алатын орны көптеген педагог-ғалымдардың ғылыми еңбектерінде педагогикалық тұрғыдан негізделіп, оқу-тәрбие үрдісі арқылы шешімін табуда.

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін әртүрлі балаларға арналған газеттер мен журналдар беттерінде жарық көрген мақалалар кеңінен пайдаланылып, түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген, экологиялық мәдениетін дамытып, қалыптастыру нәтижелері берілген.

Экологиялық тәрбие мәселесі – ұрпақтың білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың бір бөлігі. Сол арқылы әлеуметтік-экологиялық, мәдени-рухани мәселелерді қоршаған орта мен адам баласының денсаулығына ешқандай зиян келтірмей шешу жолдарын қалыптастыру керек.

Экологиялық тәрбиені қандай да бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрінсіз, әдет-ғұрпынсыз елестету мүмкін емес. Жалпы, тәрбие берудің саналуан жолдары бар. Әртүрлі жағдайға байланысты қажетті тәрбиенің әдіс-тәсілдерін, түрлерін таңдап алу үшін ең алдымен баланың ішкі жандүниесін, сезімін, мінезін нақты анықтаған, бағдарлаған абзал.

Тәрбиеші өз іс-әрекетін дұрыс болжап, баланың қабылдауына, ой-түйсігіне, сана-түсінігіне сәйкес өзіндік ұсыныстары мен көзқарастарын білдіруі керек.

Экологиялық білімнің негізін қалыптастыру балабақша, мектеп қабырғасынан басталатындықтан, экологиялық білім мен тәрбие беру жаңашыл педагогикалық шарттарды ойластыруды, оқу-тәрбие үрдісіне тиімді жүйені енгізуді талап етеді. Бұл жүйе балалардың табиғатпен үнемі қарым-қатынаста болуына қажетті ауқымды мазмұнды, жұмыс үлгілері мен әдістерін өзіне кіріктіруі керек.

Экологиялық тәрбие тақырыбындағы осындай жұмыстар баланың табиғатқа деген қамқорлығының бала кезден қалыптасуына жасалатын мол мүмкіндік екендігі сөзсіз.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу. ХХІ ғасыр жеткіншегі дене, рухани ойлау жағынан жан-жақты, өз-өзіне басшы, кез-келген сәтте шешім қабылдай алатын жеке тұлға болуы тиіс.

Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы, жаңашылдығы, көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім, білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан, қызықты, тартымды, баланы қажытып алмайтындай жұмыс түрлерін жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Мектепке дейінгі бала бойына білім мен біліктілікті, шығармашылық пен ізденімпаздықты, қабілеттілік пен іскерлікті, еңбек сүйгіштікті, танымдық қасиеттерді жинақтап дамыту барысында табиғатпен тереңірек таныстырудың ерекше орны бар екенін мәлім. Бала өмірінің алғашқы жеті жылы – денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және экологиялық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең.

Балаларды табиғатпен таныстыруда алдымызда мынандай:

Мақсаты: балалардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту, өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой-пікірін айтуға үйрету. Өз өлкеміздің аң-құстарын, өсімдіктерін таныту, қорғауға, әсемдігін көруге, сезінуге, пайдасын түсінуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Болашақ табиғат жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеу.
- Мектепке дейінгі жастағы балаларды экологиялық көз қарастарын кеңейту.
- Тәжірибелер жасау және алған нәтижеден тұжырым шығаруға үйрету.
- Шығармашылықты, елестету мен ойлауды дамыту.

Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Күштемеу, сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде балалар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі. Күштемеу деген табиғатқа жасалып тұрғанның кез-келгеніне мейлі ол ағаш, көбелек, бұтақ болсын оларға ешбір зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді. Балалар тірі атаулының бәрін бағалай білуі тиіс. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек оның әсемдігімен масаттану және тынығуға жиі бару деп түсінбеу керек. Балалардың өздері де ағаштар отырғызуға, бұлақтардың көзін ашуға, ұя жасауға қатысып, табиғатқа зиян келтіретін тұрмыстық қалдықтардан құтылудың тәсілдері туралы сұрақ-тарға жауаптар іздейді.

Әдістері: суреттермен жұмыс, табиғатқа бақылау, зерттеу жұмыстарын жасау.

Біліктерін қалыптастыру:

Балалардың экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады:

- саяхат;
- мұражайларға бару;
- мақсаттық серуендеу;
- телебағдарламалар, бейнефильмдер;
- табиғат туралы көркем әдебиеттер;
- суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау;
- музыка тыңдау;

- дидактикалық ойындар, мақалдар, мәтелдер;
Экологияға байланысты қалалық жарыстарға қатысу».

Күтілетін нәтижелер:

Өлі және тірі табиғат құбылыстары мен заттары

Өлі және тірі табиғат жайлы білімдерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.

Дағдыларын қалыптастыру:

- 1) ауа райының жағдайларын анықтай білу;
- 2) табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау.

Өсімдіктер әлемі

1) туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету;

2) бөлме өсімдіктерінің түрлері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру;

табиғаттың маусымдық өзгерістерін анықтайды;

табиғатқа қамқорлық жасауға ынталанады;

бірнеше ағаштардың түрлерін, бөлме өсімдіктерін, көкөністер мен жемістерді таниды және атайды;

үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді таниды және атайды;

табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды.

өлі табиғат объектілерін ажыратады және атайды;

кейбір табиғат құбылыстарын, табиғаттағы және ауа райындағы маусымдық өзгерістерді ажыратады және атайды;

4-5 ағаштардың түрлерін, бұталарды, шөптесін өсімдіктерді, гүлдерді, жидектерді, саңырауқұлақтарды, көкөністер мен жемістерді; үй және жабайы жануарларды атайды және ажыратады;

өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі.

атты мектепке дейінгі (4 жастағы) балаларға арналған қоршаған орта бойынша дамыту бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Жанды табиғат және жансыз табиғат»	балалардың жансыз табиғат нысандары, табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру	1
2	«Армысыз алтын күз!»	Жыл мезгілдерінің ауысу ерекшеліктерімен таныстыру	1
3	«Күзгі табиғат»	Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктерімен таныстыру	1
4	«Күз сыйы»	Күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау, адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру	1
5	«Экологиялық ертегілеріне саяхат»	Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту	1
6	«Бөлме гүлі. Герань»	Бөлме гүлдерімен және оны күту ережелерімен таныстыру	1
7	«Бөлме өсімдіктері. Алоэ және аспидистра»	Бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистра, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.	1
8	«Табиғат бұрышын мекендеушілер. Тасбақамен танысу»	Табиғат бұрышын мекендеуші туралы түсініктерін кеңейту	1
9	«Жануарлар әлемі»	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар және олардың төлдері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға әкелетін пайдасы туралы айту. Балаларды үй жануарларын күтуге үйрету	1
10	«Құстар – біздің досымыз»	Құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету	1
11	«Күн, ауа, су – біздің достарымыз»	Күн, ауа, су, — табиғат сыйы және олардың маңызы туралы білімдерін кеңейту	1
12	«Аквариумдағы балықтар»	Аквариумда тіршілік ететін алтын балық туралы түсіндіру. Балықты қалай қоректендіру керектігін түсіндіру және көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жанды	1

		табиғи мүшелеліне қамқор болуға тәрбиелеу	
13	«Ызғарлы қыс келді» (табиғатқа саяхат жасау)	Қысқы табиғатты, қарапайым өзгерістерді бақылап суық, аяз, қардың жаууы туралы білімдерін толықтыру	1
14	«Қыс қызығы»	Қыс мезгілі және оның ерекшелігі, қыстағы табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту	1
15	«Шырша және балқарағай»	Қылқан жапырақты өсімдік шырша туралы түсінігін бекіту	1
16	«Қыс. Құстардың қысқы тіршілігі»	Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ұй, дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Оларды ажыратып, атай білуге үйрету, табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білім, біліктерін дамыту, құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1
17	«Жануарлардың қысқы тіршілігі»	Жануарлар жайлы білімдерін арттыру. Олардың адамға әкелетін пайдасы туралы айту. Балаларды үй жануарларын күтуге үйрету	1
18	«Ағаштар күмісте»	Балалардың назарын қарлы ағашқа бөленген әсем кезін бақылау. Қысқы мезгілдегі ағаш өмірі туралы түсінігін қалыптастыру	1
19	«Қыстақтағы аңдар»	Балаларға жабайы аңдарға орманның тамақтанатын жері екенін түсіндіру. Қоршаған ортаның жағдайынан	1
20	«Қыс мезгіліндегі ауа-райының ерекшеліктері»	Балалардың қыс мезгілі жөнінде, қыста болатын табиғат құбылыстарының ерекшелігі туралы білімдерін тереңдету. Қыс мезгіліне байланысты суреттерді көрсету арқылы балалардың тіл байлығын, сөйлеу мәнерін қалыптастыру	1
21	«Түрлі – түсті мұздарды таныстыру»	Қыс мезгілінің белгілері, ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту алған білімдерін тиянақтау. Қыста болатын өзгерістерге көңіл аударып, қармен мұздың айырмашылығын ажырата білу	1
22	«Жарық және жылы күні»	Балалардың назарын наурыз	1

		айындағы күннің жылы, қардың түсі өзгергенін, ілініп тұрған мұзға аудару	
23	«Ауа райын, күннің көзін бақылау»	Балаларды күннің беретін жылулығын, мейірімділігін әңгімелеу. Күн көзі жарқырап шыққандағы бізге табиғат сезімдері туралы түсіндіру	1
24	«Айболитке қонаққа»	Балаларды өздерінің денсаулықтарына қызығушылығын тәрбиелеу. Денсаулықты түрлі витаминдермен нығайту. Таныс жемістер туралы ұғымын бекіту	1
25	«Көктемдегі қарды бақылау»	Көктемдегі ауа-райында болатын құбылыстарымен таныстыру. Күннің жылуын, жаңбырдың жауын, қардың еруі, оның ақырындап суға, буға айналуын бақылау	1
26	«Көктем келді»	Балаларға көктем туралы түсінік беру, шығармашылық қиялын, сөздік қорын, көру зейінін дамыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу	1
27	«Көктемдегі жабайы аңдардың тіршілігі»	Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Жабайы аңдар тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Оларды бір-бірінен ажырата және дұрыс айтуға үйрету	1
28	«Аялайық гүлдерді»	Балаларға табиғат құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Қоршаған ортаны сақтап, оның сұлулығын сезіне білуді үйрету	1
29	«Зообақ»	Балалардың жануарлар зообағы туралы түсініктерін кеңейту және толықтыру. Олардың табиғатта қайда өмір сүретіні және немен қоректенетіні туралы айту	1
30	«Пияз отырғызу»	Пияздың дөңгелек және оның түрі, түсі туралы мінездеме беріп білімін бекіту. Балаларды пиязды дұрыс отырғызуға жаттықтыру. Пияз өсіру қызығушылығын дамыту	1
31	«Ағаш, бұтақ»	Балаларға балабақша учаскісінде өсіп тұрған ағаштар мен бұтақтар туралы түсініктерін толықтыру. Оларға болып жатқан өзгерістерді белгілеу. Балалардың шығармашылық ойларын дамыту	1
32	«Бәйшешекті күтеміз»	Балаларға көктем гүлдері туралы	1

		түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүйюге тәрбиелеу	
33	«Ит пен мысықтарды қумандар»	Балаларды үй жануарларының мінездемелік белгілері туралы түсініктерін толықтыру. Олардың адамға әкелетін пайдасы туралы айту. Балаларды үй жануарларын күтуге үйрету	1
34	«Жәндіктерді бақылау»	қанқыз, құмырсқа және бауырымен жорғалаушылардың бірі кесірткенің тіршілігі туралы білімдерін жетілдіру	1
35	«Әдемі гүлдер»	Балаларға гүл өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдердің атауларын, сырт келбеттерін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру	1
36	«Алақай, жаз келді!»	Табиғаттағы, ауа райындағы, адамдардың киімдеріндегі қарапайым өзгерістерді байқауға үйрету. Балалардың табиғаттағы және ауа райындағы байқау нәжилерін атауын дамыту	1

Бағдарламалық мазмұны

1. Жанды табиғат және жансыз табиғат.

балалардың жансыз табиғат нысандары, табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.

- балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру.
 - жансыз табиғат нысандары – су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту;
- маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу.

2. Күз сыйы

-күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау, адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.

-балабақша ауласындағы кейбір ағаштардың түрлері жайлы білім беру. Күзде пісетін көгөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Ағаштардың бөліктерін тауып, атай білу дағдыларын бекіту;

-күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейінін аудара отырып, еңбек етуге тәрбиелеу.

3. Жануарлар әлемі

- үй жануарлары мен жабайы жануарлар және олардың төлдері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.

- үй жануарлары мен жабайы жануарларды (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) ажыратып айтып беруге үйрету;
- жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздік ережелерін сақтай білу дағдыларын дамыту;
- қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

4. Бөлме өсімдіктері

- бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистра, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.
- бөлме өсімдіктері алоэ және аспидистраментаныстыру;
- бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті қарапайым қамқорлық жасау дағдыларын дамыту;
- балалардың бөлме өсімдіктерін өсіріп, оларға ұқыптылықпен, қамқорлықпен күтім жасауға тәрбиелеу.

5. Табиғат бұрышын мекендеушілер

- табиғат бұрышын мекендеуші жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыру.
- балаларға табиғат бұрышын мекендеуші жануар – атжалман туралы білім беру;
- жануарларға күтім жасауға арналған құралдар және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау үшін қажетті жағдайлар туралы білім, біліктерін кеңейту; қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

6. Құстар – біздің досымыз

- құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету.
- үй, дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Оларды ажыратып, атай білуге үйрету;
- табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білім, біліктерін дамыту; құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

7. Өсімдік әлемі

- балабақша ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру.
- бұталы өсімдік – бөртегүлмен таныстыру. Балабақша ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді ажыратып, атауға үйрету. Ағаштар мен бұталарды танып, ағаштың және гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын бекіту.

8. Көктем мезгілінде өзгерістер

- Маусымдық өзгерістердің жанды табиғатқа тигізер ықпалын анықтау өсімдіктердің көктем мезгіліндегі өзгерістерін ажырата білу білім, біліктерін дамыту;
- табиғатты бақылауға баулу;

9. Ғажайып жануарлар әлемі

- қанқыз, құмырсқа және бауырымен жорғалаушылардың бірі – кесірткенің тіршілігі туралы білімдерін жетілдіру.
- қанқыз, құмырсқа және кесіртке туралы білім беру;
- ойлау қабілеттерін дамыту.
- жәндіктерге, табиғатқа деген қамқорлық сезімін ояту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие және білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша, 13 мамыр, Астана, 2016 жыл № 292).
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша Нұрсұлтан қ. 2020-2021жж
3. «Балаларға арналған танымдық энциклопедия», 2018ж. Аруна баспасы
4. «Б.Алтынсарин ізбасарлары» журналы 2021ж №4
Менің алғашқы энциклопедиям. 2017. Алматыкітап баспасы